

1. Әртүрлі ақпарат көздерін пайдалана білуге бейімділік – бұл:

- A) когнитивті даму
- B) әлеуметтік даму
- C) технологиялық даму
- D) өзін-өзі жетілдіру
- E) шығармашылық

2. Өзін-өзі танытуға ұмтылу – бұл:

- A) әлеуметтік даму
- B) когнитивті даму
- C) технологиялық даму
- D) өзін-өзі жетілдіру
- E) шығармашылық

3. Оқу процесінде түрлі қабылдау каналдарын (есту, көру, қимыл) кешенді түрде іске қосу қабілеті – бұл:

- A) мультимедиялық
- B) субьмәдениеттілік
- C) гипермәтіндік
- D) интерактивтілік
- E) дербестілік

4. Білім беру саласында қол жеткізген кәсіби дайындық деңгейі, өз кәсіби қызметтерінде цифрлық технологияларды нәтижелі түрде қолдана білу қабілеттері – бұл:

- A) цифрлық құзыреттілік
- B) цифрлық сауаттылық
- C) цифрлық мәдениеттілік
- D) технологиялық құзыреттілік
- E) әдістемелік құзыреттілік

5. Цифрлық білім беру ресурстарының барлық түрлерін (ақпарат көздері, ақпарат құралдары мен ақпараттық қызмет көрсетулер), қамтитын ғылыми-әдістемелік қорлар – бұл:

- A) цифрлық білім беру ресурстары
- B) әдістемелік білім беру ресурстары
- C) ғылыми білім беру ресурстары
- D) технологиялық білім беру ресурстары
- E) қаржылық білім беру ресурстары

6. Білім алушылардың ерекше әлеуметтік-психологиялық сипатына ие жаңа буыны:

- A) цифрлы ұрпақ
- B) жеке тұлға
- C) сындарлы ойлайтын тұлға
- D) креативті тұлға
- E) цифрлы технология

7. Цифрлы буын үшін әдеттегі әлемдік дәстүрге сәйкестік, танымалдылық, сол арқылы білім алушының өзіне таныс цифрлы ортаға енуі – бұл:

- A) субьмәдениеттілік
- B) мультимедиалық
- C) гипермәтіндік
- D) интерактивтілік
- E) дербестілік

8. Мәтін бойынша ауысу еркіндігі, мәтіннің модульділігі, ақпараттың анықтамалық сипаты, ақпаратты қысқарту-ұлғайту, тоғыспалы сілтемелерді пайдалану – бұл:

- A) гипермәтіндік
- B) мультимедиалық
- C) субьмәдениеттілік
- D) интерактивтілік
- E) дербестілік

9. Оқу коммуникациясы және өзара оқу әрекеті барысында көпсубъектілікті қамтамасыз ете алуы – бұл:

- A) интерактивтілік
- B) мультимедиалық
- C) субьмәдениеттілік
- D) гипермәтіндік
- E) дербестілік

10. Материалды беру тәсілін таңдау, күрделілік деңгейі, жұмыс қарқыны, әрбір білім алушының қажеттілігі мен ерекшелігіне жеке икемделу үшін шексіз мүмкіндіктердің болуы – бұл:

- A) дербестілік
- B) мультимедиалық
- C) субьмәдениеттілік
- D) гипермәтіндік
- E) интерактивтілік